



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

себеп тілдік кедергінің болуы, сонымен бірге қазақстандық БАҚ қызметтерінің сапасының төмендігі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның заманауи саяси жүйесі тек халықтың ғана емес, сонымен бірге қоғамның саяси ұйымдарының саяси мәдениетінің жеткілікті дәрежеде дамымауымен сипатталады. Саяси жүйе институттары арасында әзірше жастарды саяси белсенділікке ынталандыра алатын күштер бекітілмеді. Жастар құрылымы орын алған қазіргі саяси партиялардың ішінде тек аз мөлшері ғана жаппай бұқаралық бола алды және жастардың назарын өздеріне аудара білді. Жастармен атаулы жұмыстың нәтижелі еместігі және қоғамның саяси күштерінің демократиялық бәсекелестіктің қазіргі жағдайына сәйкессіздігі оның басты себебі болып табылады. Мүмкін мемлекет өз орнын таба алмаған, өзінің әлеуметтік қызметі мен ролін анықтай алмаған жастардың күштерін сабақтастыру мен үйлестіру туралы ойластыруы тиіс шығар.

Заманауи қоғамда азаматтық әлеуметтену процессі бұл ең алдымен демократиялық құндылықтар, нормалар және мәдени үлгілерді меңгеру болып табылады. Осы тұрғыда қазақстандық жастардың өзін-өзі бағалауда, әлеуметтік бейімделуде, рухани құндылық дағдарысында, еңбек беделінде және тұтыну көңіл-күйінде трансформацияның бар екендігін көруге болады. Көп жағдайда БАҚ арқылы таратылатын рухани үлгілер мен тұтыну қоғамының өмір сүру стилі коммерциализациялануға ұшыраған. Қоғамның дәстүрлі түрінен заманауи түрге өтуіне байланысты құқықтар мен міндеттер, әлеуметтік рөлдер мен ғадеттер, азаматтық меңгеру формалары мен талаптары күрделенді, сондықтан қазіргі заманғы қоғам әрбір жас адамға осы рөлді меңгеру үшін белгілі бір уақыт мерзімін ұсынуға міндетті және оны қажетті деңгейде меңгеру үшін жағдай жасауы тиіс. БАҚ және білім беру жүйесі арқылы жастарда әлеуметтік-азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында жастар ортасында мақсатты және жүйелі ағарту жұмысы атқарылуы тиіс. Осындай әлеуметтену процессі жеке тұлғаны қалыптастыруға, оның азаматтық қасиеті мен құқықтық мәдениеті құрылатын барлық әлеуметтік институттарда жүргізілуі тиіс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Парсонс Т. О структуре социального действия.-М., 2002, 27 С.
2. Ваторопин С.А., Ручшин А.В. Протестный потенциал населения России//
3. СОЦИС. 2017, С. 17-19.
4. Булавка Л.А. Социо-культурный портрет рабочего протеста в России.
5. 2004, С. 9-11.
6. А. Н. Тесленко, Гражданская социализация: социально-политический портрет казахстанской молодежи// Право и государство. № 2 (63). 2014

ӘОЖ 796:004.

### **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**Уәлиева Айгерім**

[87779995501@mail.ru](mailto:87779995501@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс  
магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Марчибаева У.С.

**Жұмыстың өзектілігі.** Қазіргі кездегі қарқынды жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [1]. Дене тәрбиесі және спорт саласындағы

мамандарды дайындау деңгейінің жоғары болуы қоғамның дамуының қазіргі кезеңінде болашақ мамандарға және оны даярлайтын жоғары оқу орындарына қойылатын талаптардың маңыздыларының бірі болып табылады. Қазіргі ақпараттық қоғам заманауи компьютерлік технологияларды жетік меңгерген біліктілігі және кәсіби икемділігі жоғары мамандарға мұқтаж. Заман ағымына тез бейімделе алатын дене тәрбиесі және спорт салаларына қажетті мамандар даярлау осы мақсаттарға бағытталуда. Компьютерлік технологиялардың дамыған елдердегі дене тәрбиесі және спорт саласында кең қолданыста болуы біздің елдегі осы салаға маман даярлау жұмысында өзекті мәселе. Ақпараттық технологияларды адам қызметінің барлық салаларына жаппай енгізілуі білім беру саласын қайта қарастыру және оны дамытудың жаңаша түрлері мен жолдарын іздеуде.

**Жұмыстың мақсаты:** Дене шынықтыру және спорт саласында мамандарды даярлау үшін арнайы пәндерді оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану.

**Жұмыстың міндеттері:** Білім беру саласында ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерін қарастырған ғылыми еңбектерді (И.Г. Захарова, Э.И. Кузнецов, В.М. Монахов, В.И. Пугач, И.В. Роберт и др.) саралау жұмыстары көрсеткедей компьютерлік технологиялар арқасында, оқып-үйрену үдірісін басқару өзгеруге бейімділік танытуға ықпал ету - жоғары оқу орындарының пәндерінің мазмұны, оқытудың формалары мен әдістері жаңаша құрылым, міндет, психологиялық және педагогикалық сипатқа икемдеуді көздейді [2]. Мамандардың кәсіби қызметінің табысты болуы озық ғылыми-техникалық жетістіктерді нақты өндіріске енгізумен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар ақпараттық технологияларды жетік меңгеруі талап етілуде. Солардың қатарында жаңа заман қарқынына ілесу дене шынықтыру саласына да міндетті болып отыр.

**Жұмыстың әдістері:** Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы дене тәрбиесі және спорт саласына маман даярлау ісі қажетті деңгейде қарастырылмаған және қосымша іздену жұмыстарын талап етеді. Бұл ізденіс жұмысының біз дене тәрбиесі және спорт саласына маман даярлау ісіндегі заманауи технологияларды қолдану мәселелерін қарастыруды мақсат етеді.

Болашақ дене тәрбиесі және спорт саласында мамандар даярлауды қалыптастыру мәселелері көп аспекті және басты мынадай қайшылықтарды шешумен байланысты:

- білім беру саласын жаппай компьютерлендіру жағдайында дене тәрбиесі және спорт саласына маман даярлауды жетілдірумен осы даярлау ісін әдістемелік тұрғыдан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі арасында;

- жоғары білім беру жүйесінде қалыптасқан болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мен оның даярлығына деген талаптың едәуір өскендігі арасында және де осы талаптарды орындау мақсатында компьютерлік технологиялардың мүмкіншіліктерін қолдану жеткілікті деңгейде болмауы;

- дене шынықтыру және спорт саласының мамандарын бәсекелестікке икемділігін қамтамасыз ету мен олардың компьютерлік біліктілігінің деңгейінің төмен болуы. Аталған қайшылықтар ізденіс жұмысының проблемасын айқындады: ғылыми-педагогикалық, ұйымдастыру-технологиялық қамтамасыз ету ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлау үдірісінің қандай болуы керектігін. Жұмыс барысында дене шынықтыру және спорт саласында қызмет ететін мамандарды компьютерлік технологияларды қолдануды айқындау және жүзеге асыру жолдарын іздестіру.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлығын ойдағыдай қалыптасуы үшін төмендегі шарттар орындалуы қажет:

- дене шынықтыру және спорт саласының мамандар даярлығын қалыптастыратын құрал ретінде оқу және арнайы курстардың құрылымы мен мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді іске асыру;

- ақпараттық технологиялардың бір бөлігі ретінде арнайы дене шынықтыруға тән графикалық бағдарламалар мен компьютерлік құралғылармен жұмыс істеуді студенттерге толық игерту;

- дене шынықтыру және спорт саласының мамандары өзінің кәсіби қызметінде, яғни дене шынықтырудағы техника мен тактикаларды көрсету барысында компьютерлік технологияларды қолданудың қажеттігін саналы түрде және өз бетінше қолдануға деген ұмтылыс тудыру.

Бұл мақсаттарға жету үшін төмендегі міндеттер орындалуы қажет:

- компьютерлік технологияларды қолданып дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби деңгейін қалыптастырудың түпкі негізін анықталуы;

- жоғары оқу орынында компьютерлік технологияларды қолдану қарастырылуы және олардың болашақ маманның даярлығын қалыптастыру мүмкіншіліктерін анықталуы;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыруға қажет педагогикалық шарттары айқындалуы;

- ақпараттық технологияны дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардағы модель жасалуы;

- дене шынықтыру және спорт саласының болашақ маманының даярлығын арттыратын экспериментальды жолмен тексерілуі. Ізденіс жұмыс екі жыл аралығында жүргізілді және төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде дене шынықтыру және спорт саласының болашақ мамандарды компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қазіргі кезеңдегі жағдайы саралануға бағытталды. Осы мақсатта жоғары мектептегі кәсіби даярлықты қалыптастыру мәселесіне арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттер сараланып, маман даярлаудың түпкі негізі анықталып, оның оқу үдірісінде алатын орыны, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы маман даярлауды қалыптасу деңгейлері межеленді. Екінші кезеңде дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттына сай болашақ қызметінде ақпараттық технологияларды қолдана білуі және оларды іс жүзінде пайдалана алуға қойылатын талаптар сараланды.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, маман дайындау деңгейдің қалыптасу критерийлері құрастырылды. Олардың екі құрылымдық бөлшегі анықталды: ақпараттық технологиялармен жұмыс істей білу және оларды сабақ кезінде қолдана білу. Бұл ізденіс өз кезегінде дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың даярлығын қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтауға және оқытудың компьютерлендірген концепциясын құрылымдауға септігін тигізді. Үшінші кезең – ақпараттық технологияларды дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау үдірісіне енгізудің маман даярлаудағы педагогикалық моделіне сәйкестігін дәлелдейтін эксперимент жұмыстарын жасауға бағытталды. Төртінші кезең – алынған нәтижелерді саралау және қорытындылау, ғылыми жұмысты құрастыру кезеңі болып табылды.

**Жұмыстың нәтижесі:** Ендігі кезекте мамандар даярлау ұғымына толығырық тоқталып қарастырайық. Маман даярлығы үш өзара жалғасып жатқан құрылымнан тұрады: тұлғалық, теориялық және технологиялық бір-бірімен етене араласып жатады. Бәрі бірігіп күрделі диалектикалық тұтастық құрайды – әр қайсысы қажетті, ал біріге отырып, студенттің кәсіби қызметке даяр болуы үшін жеткілікті болып табылады. Дене шынықтыру және спорт саласының маман даярлаудың нәтижесі болып табылады, тұлғаның қасиеті және кәсіби іс-әрекеттің жемісті болуының кепілі.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы маман даярлығының межесін төрт деңгеймен мөлшерлейміз: бірінші деңгей білімді меңгеруді сипаттайды: студенттер бастапқы ұғымдарды ажырата біледі, негізгі түсініктерді, олардың жіктелуін және түрлерін ажырата алады. Бұндай білім деңгейі қарапайым қолданбалы шешімдерді шешуге де жарамсыз. Маманның даярлығының бұл көрсеткіші жеткіліксіз деп танылады; екінші деңгей саналы түрде қабылданған және есте сақталған білім, қажет болған жағдайда қарапайым қолданбалы шешімдер жасауға жарамды. Бұл деңгейде бастапқы даярлық қалыптасқан, бірақ та маманның еңбек нарқында бәсекелестікке түсуіне жеткіліксіз деп танылады; үшінші деңгей –



жемісті іс-әрекет. Бұл жерде түсініктерді, категорияларды саралай білу қалыптасқан. Бұл деңгей студенттердің теориялық оқу кезінде алған білімдерін өзіндік жұмыс орындау барысында туындайтын қиыншылықтарды жеңуде қолдана білуімен және субъективті түрде жаңа мағлұматтар жинақтауымен сипатталады. Мазмұны мен жағдайы жаңаша, бірақ орындау әдісі мен кезеңдері оқу барысында игерілген әрекеттерді студенттер орындай алады. Бұл орташа даярлық деңгейі болып есептеледі және маманның еңбек нарығында бәсекеге түсуіне мүмкіншілік береді; төртінші деңгей – жас маманның таңсық жағдайларда бұрынғы алған білімі мен тәжірибелік дағдыларын оңтайлы қолдана білетін жемісті әрекет кезеңі болып табылады. Бұл деңгей - дене шынықтыру және спорт саласы маманның кәсіби ұғымдар мен түсініктерді еркін қолдана білетін, алған білімі мен іскерлігін тосын жағдайда қажетті деңгейде қолдана білетіндігі қалыптасқандығын сипаттайтын деңгей болып табылады. Білімі мен іскерлігі қалыптасқан аталмыш деңгейді жеткілікті деп тануға болады. Бұл деңгей маманның даярлығы толық қалыптасқандығын сипатайды және оның еңбек нарығында бәсекеге еркін түсуіне мүмкіндік беретін даярлық межесі болып табылады [3].

Ел экономикасының қарқынды дамуы кезеңінде ел басының болашақ маман даярлау ісінің алдына қойған «бәсекелестікке дәрменді мамандар даярлау қажеттілігі» осы күнгі талаптардың ең бастысы болып табылатындығын есте сақтай отырып, білім беру саласындағы оқытудың мазмұны мен құрылымын заманауи озық технологияларды белсенді түрде қолдану арқылы шешу мәселесі - біздің ізденіс жұмысымыздың түп қазығы десек те болады. Осы мақсатты көздей отырып өз тарабымыздан қолдан келер мүмкіншіліктерді қолдана отырып, дене шынықтыру және спорт саласына мамандар даярлау жолында бірқатар іс-шараларды қолдануды бетке ұстап, кәсіби пәндерді оқыту барысында алдыңғы қатарлы елдер тәжірибесіне сүйеніп, білім мен біліктілікті шындай түсу әр оқытушының басты міндеті деп білемін.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау үдірісінде компьютерлік технологияларды кеңінен қолдану ісі атқарылуда. Дене шынықтыру және спорт саласының пәндері көлемінде дәстүрлі технологиялар мен қатар компьютерлік технологияларды қолданудың үлесін көбейтуге бет бұрыс жасалуда. Бұл мәселені теориялық негізін айқындап алғаннан кейін жасайтын келесі қадам – тәжірибе жүзінде іске асыру жолдарын қолға алу.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың алдында тұрған мақсаты – оқу іргесінен еңбек нарығына аяқ басқан шақта оның қояр талаптарына сай болуы. Ендеше нақты тәжірибе сабақтарында осы талаптарды еске ала отырып, кәсіби пәндерді құрылымдап және әдістемелік базасы жасалды. Ол үшін қазіргі кезеңдегі оқу үрдісіне зер салып, жеткен жетістіктер мен кеткен олқылықтарды анықтап отыру қажет. Компьютерлік технологияларды дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды дайындау үдірісінде қолдану соңғы жылдарда кең етек алуда.

**Қорыта**, келгенде университеттерде ақпараттандыруға мемлекет тарапынан қашанда үлкен экономикалық қолдау көрсетілуде, сондықтан да оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғарғы психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналары даусыз. Өйткені, “Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет” деп, Ел басы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 ж. 27 шілдедегі №20,151 құжат.
2. Багдуева А.В. Формирование профессиональной готовности будущих специалистов кадастрового профиля с использованием информационных технологий // Вестник Бурятского университета. Сер. 8б., 2006. – Вып. 1. – С. 77-81

3. Халықова Г. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары // Ғылыми бағыттардың даму болашағы мен білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді ендіру жолдары» атты Халықаралық ғылыми Б.21 27.–2004. – Шымкент. – әдістемелік конференциясының еңбектері.
4. Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру. Ғаламтор желісі.

УДК 376.1

## **ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗИТИВНОГО ОТНОШЕНИЯ УЧАЩИХСЯ К ОСОБОМУ РЕБЁНКУ В ИНКЛЮЗИВНОМ ГЕТЕРОГЕННОМ КЛАССЕ**

**Харланова Юлия Викторовна**

[psytu@yandex.ru](mailto:psytu@yandex.ru)

Доцент кафедры психологии и педагогики Тульского государственного педагогического университета им. Л.Н. Толстого, Тула, Россия  
Научный руководитель – Федотенко И.Л.

В образовательной системе на современном этапе развития начинает активно внедряться инклюзивная практика, которая позволяет каждому ребёнку учиться в массовой школе. Инклюзивное образование нацелено на внедрение передовых методов обучения детей с особыми образовательными потребностями, находящихся в общеобразовательном учебном заведении. В гетерогенных классах каждый особый ребёнок имеет возможность взаимодействовать со сверстниками и учиться у них [1]. Например, детям с расстройствами аутистического спектра инклюзия даёт возможность повысить уровень социального взаимодействия, улучшить свои социальные навыки. Так же ребёнок с аутизмом может отработать на практике коммуникативные навыки, завести друзей и наблюдать, как сверстники ведут себя в различных повседневных ситуациях. Общение со сверстниками положительно сказывается на процессе освоения любым особым ребёнком социальных навыков.

Очевидно, что для того, чтобы организовать благоприятную образовательную среду в гетерогенном классе необходимо должным образом структурировать деятельность самого коллектива и провести подготовительную работу с учащимися. Педагоги должны активно поощрять и побуждать взаимодействие особого ребёнка с одноклассниками. Обучение в гетерогенном классе, в котором вместе с нормотипичными детьми учится ребёнок с особенностями в развитии, положительно влияет на развитие всех детей. Дети учатся принятию, сопереживанию, становятся образцом для подражания, начинают понимать, что у каждого человека есть свои сильные и слабые стороны.

Прежде чем осуществлять инклюзивное образование, необходимо обеспечить соблюдение следующих условий:

- 1) администрация школы должна поддерживать идею инклюзии,
- 2) между семьёй и школой необходимо наладить активное общение и сотрудничество; как и любому ученику, ребёнку с нарушениями в развитии наибольшую пользу принесут скоординированные усилия учителей и родителей, занятия дома и в школе должны взаимодополнять друг друга,
- 3) педагоги должны иметь специальную подготовку в области инклюзивного образования,
- 4) прогресс в обучении особого ученика должен фиксироваться документально,
- 5) одноклассников ребёнка с особыми образовательными потребностями необходимо проинформировать об особенностях его развития [2].

Последнее условие можно реализовать с помощью специальных внеклассных мероприятий, посвящённых правилам взаимодействия между людьми или/и особенностям